



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Атлантикалық әлемдегі
революциялар





Дәрістің мақсаты: Атлантикалық құрлықтағы елеулі өзгерістерге әкелген американдық тәуелсіздік үшін соғыс пен француздық революцияны қарастыру.

Кілт сөздер: америкалық революция, Британдық Шығыс Үнді компаниясы, конституциялық монархия, *сoup d'état*, Француз революциясы, Гаити революциясы, Хунта, Белгілі егемендік, Пугачевтық көтеріліс, Жеті жылдық соғыс, Трансатланттық құл саудасы, «Ақ лотос» көтерілісі, АҚШ Конституциясы, радикализм, Құрлықтық конгресс, Декларация, ансиен режимі, Революциялық соғыс, ұлтшылдық.

Алдыңғы дәрісте атап өткеніміздей, XVIII ғасырда аймақтық экономикаларды бір жүйеге тартқан әлемдік экономиканың дамуы еуропалық мемлекеттер үшін күмәнді игілікке айналды. Бір жағынан, Батыс жартышарында отарлық империялардың құрылуы, кейіннен Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Азияда Ислам әлемінің әлсіреуі алыстағы метрополиялардың бақылауына ірі шикізат ресурстары бар және халқы тығыз орналасқан тауар өткізуге тиімді нарықты берді. Екінші жағынан, жаңа мүмкіндіктердің ашылуы ұлы державалар арасында бәсекелестіктің күшейюіне әкелді; әлемдік бөліністен үлкен үлес алып қалуға ұмтылыс билік институттарын – армия, флот пен орталықтанған шенеунік корпусын ұстауға бөлінетін қаржының күрт өсуінен көрініс тапты. Белгілі бір тұйық шеңбер қалыптасты: жаңа отарлар мен сауда монополияларын орнату қатысушыларға қосымша қаржы көздерімен қамтамасыз етсе, ол өз кезегінде мемлекеттік аппаратты нығайтты. Ол болса аймақтық үстемдік үшін күресті күшейтіп, бәсекелестікті арттырды. Нәтижесінде бәсекелестік еуропалық мемлекеттерді жаңа отарлық авантюраларға итермеледі.

Меркантилизм категорияларын бұрыннан басшылыққа алып жүрген Ұлы державалар белсенді сыртқы саясатты жүргізу үшін халыққа – ең алдымен шаруаларға, кейіннен буржуазия мен орта топ өкілдеріне де қосымша салықтар салуға жиі жүгіне бастады. XVIII ғасырдың екінші жартысында дүниежүзі бойынша бірінші кезекте сұранысқа ие тауарларға бағалардың өсуімен қатар, салық ауыртпашылығы да күшейді. Бұл салықтардың көбеюі көбінесе орталық пен шығыс Еуразияның аграрлық аймақтарында жаппай шаруалар көтерілісін тудырды. Мәселен 1773–1775 жж. Еділ мен Жайықтың аумағын дон казагы Емельян Пугачевтың ереуілі қамтыды; бұл нағыз азаматтық бүлік болды. Оған Пугачев жағында шаруалар мен казактардан басқа көптеген түрік пен фин-угорлық халықтар (татарлар, башқұрлар, қазақтар, мордавандар, мариіліктер және т.б.) қатысты.

Қытайда император Цяньлунның басқаруының соңында Мин династиясын қалпына келтіру ұранымен «Ақ лотос» ереуілі басталды. Бұл көтеріліс он жыл бойы үздіксіз басып жаншылса да, Цин династиясының тарихында бетбұрыс оқиғаға айналды.

Пугачевтың көтерілісі «Ақ лотос» көтерілісі сияқты «модернге (premodern) дейінгі типтегі» ереуілдерге жатады және революциялар боп атала алмайды.

Бірақ онда халық «қалауы» қоғамдағы наразылықтың күшейюімен жанасқан тұста көтерілістер «ескі режимдік тәртіптерді» жойған нағыз революцияларға ұласып, терең әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Мұндай революциялар «екі толқынмен» Атлантика әлеміне таралды. Бірінші толқын – 1770–1810 жж. аралығына біз Тәуелсіздік үшін американдық соғыс, Ұлы Француз революциясын және Гаитидегі отарлыққа қарсы көтерілістерді жатқызамыз. 1810 жылы басталып, 20 жыл бойы жалғасқан екінші толқын Испан мен Португалдық отарлық империяларда тәуелсіздік үшін көптеген соғыстардан құралды. Осы революциялардың екі толқыны біздің келесі дәрісіміздің мазмұнында тереңірек қарастырылады.

Жеті жылдық соғыстан кейінгі қырық жылда жаһандық экономикалық өзгерістер әкелген саяси және әлеуметтік дағдарыстар халықтық екпінді дүмпулерге ұласты. Солтүстік Америкадағы он үш Британ колониясы 1775 жылы бас көтерді және алты жылдық соғыстан соң батыс жартышардағы алғашқы республика ретінде өзін-өзі басқаратын билік орнатты. 1789 жылы Франциядағы революция француз қоғамын ғана танымастай өзгерткен жоқ, сонымен қатар, ширек ғасырдан аса уақыт Еуропаға тұтас таралған соғыстар мен саяси күйзелістің хабаршысы болды. Францияның Кариб аралдарындағы Сант Доминик (Гаити) қант өсіретін аралындағы шығу тегі африкалық құлдар мен ерікті ерлер және әйелдер бірігіп, он үш жыл бойына басқыншы әскермен соғысты, 1804 жылы ақыры тәуелсіздікке қол жеткізді.



Солтүстік Американың шығыс жағалауындағы он үш ағылшын отарының көтерілісі Ұлыбританияның Жеті жылдық соғыстағы жеңісінің тікелей нәтижесі болды. Құрлықта елеулі аймаққа ие болған британдық үкімет ақ отаршылардың наразылығын тудырған бірқатар қадамдарға барды. Мәселен үнділік тайпалармен қарым-қатынасты ұшықтыруды қаламаған ресми Лондон Аппачи тауларының айналасында қоныстануды өзіндік сипатта жүргізді. Олар отаршыларға одан ары батысқа қарай қоныс аударуға тыйым салды. Мұндай саясаттан бейхабар отаршылардың көбі негізгі жеңістің жемістерінен құр қалғандай сезінді. Олар «егер жер болмаса, онда бұл француздар мен үнділіктерге қарсы не үшін соғыс жүргізілді?» деген сұрақты қоюмен болды. Сонымен қатар, «британдық тәж» отарлардың осы уақытқа дейін метрополияға қарағанда өзінің қорғанысына әлдеқайда аз үлес қосып жатыр деп есептеп меркантилизм рухында жаңа заңдарды жүргізуге шешім қабылдады. Ол бойынша империяның басқа бөліктеріне тауарлар мен шикізатқа салықтар орнатылды. Негізі Лондон қосымша және әлдеқайда жүйелі басқаруға қажетті жағдай жасауы қажет еді, бірақ іс жүзінде алғашқы ашық наразылықтарға түрткі болды.

1770 жылы жалпы саны 2 млн. асқан отаршылар Еуропамен тығыз қарым-қатынасты қолдай отырып, Ағарту қозғалысының қағидаларын өз мүдделерін қорғауда тиімді пайдаланды. Көпжылдық басқару тәжірибесі мен Британдық парламенте өз өкілдерінің жоқтығын басшылыққа ала отырып, отарлық элита Лондон қабылдаған шаралардың заңдылығын даулады. Американдық құрлықтағы отарлар осы уақыттан бастап өз наразылықтарын білдіре бастады. 1774 жылы ағылшын отарлық әкімшілікпен алғашқы ашық қақтығыстар орын алды. Бұл өз кезегінде Лондон тарапынан бақылаудың күшеюіне әкелді. 1776 жылы Конкорд пен Лексингтондағы белгілі қақтығыстардан кейін Филадельфиядағы британдық эмигрант Томас Пейн отарларды Англиядан бөліп алу туралы ойын білдірді. Тарихта олар Пейнның пафмлеттері деген атпен белгілі. Осы уақытта оның үндеуі отарларды біріктірген Құрлықтық Конгрестың құруылуына тура келді. Конгресте американдық отарлардың күресін айқындаған маңызды шешімдер қабылданды. Солардың ішінде Америка тарихындағы ең маңызды құжат – Тәуелсіздік Декларациясының қабылдануы еді. Конституция мазмұнында олар Британдық патша тәжінің билігі барлық 13 отарға таралғандығы туралы жариялап, король Георг III-шіні деспотизм үшін айыптады.

Декларацияда: «Біз бұл шындықтар айқын деп білеміз, барлық адам тең жаралған. Жаратушы барлығына қол сұғылмас Құқықтар берген, олардың арасында Өмір, Еркіндік және Бақытқа ұмтылыс бар». Он үш колонияның барлығының түгел көтеріліске қатысуы міндетті емес еді. Бірақ олардың наразылықтары ортақ болды, сол сияқты пошта жүйесі мен газеттер оларды мәдени және саяси байланыстың бірдей аймағына өтулеріне көмектесті. Әсіресе креолдар, яғни Америкада туған колониалистердің арасында айқын Америкалық патриотизмнің күтпеген сезімі біртіндеп қалыптасты.

Революциялық соғыс және мемлекеттің жаңа сипаты

Декларация Америка тәуелсіздігі үшін соғыстың басталуына әкелді. Джордж Вашингтонмен басқарылған отарлық әскер жиі катастрофа жағдайында болды. Англия бұл соғыста тек өзінің кәсіби әскерлеріне ғана емес, патша тәжіне сенімді он мыңдаған отаршыларға да арқа сүйеді; бостандық идеясымен руханған мыңдаған қара құлдар да ағылшындарға қосылды. Алғашқы жылдардағы сәтсіз әрекеттерден кейін соғысқа америка жағына Франция, оған ілесе Испания мен Голландия өтті. Бұл өз кезегінде баланстың сепаратистердің пайдасына өзгеруіне әкелді. 1781 жылы бірлескен іс-қимылдың нәтижесінде американдықтар, француздар мен испандықтар Вирджиниядағы Йорктаун ауданында тоғыз мыңдық британдық контингентті қоршап, оны капитуляцияға көндірді. Іс жүзінде бұл американдық тәуелсіздік үшін соғыстағы соңғы және шешуші шайқас еді. Оның нәтижесінде 1783 жылы Париж келісімшартының қол қоюымен аяқталған ұзақ келіссөздер басталды.

Бұл келісімшарттың мазмұнына сәйкес он үш отар тәуелсіздікке ғана қол жеткізіп қоймай, Британиядан Миссисипиге дейін аумақты алды. Жаңа мемлекет – Америка Құрама Штаттары құрылды. Бастапқыда ол батыстағы жерлер үшін бәсекеге түскен және «ортақ мүдде» үшін өз



автономиясымен бөліскісі келмеген квази-мемлекеттік формациялардың конфедерациясы ретінде өмір сүрді. 1789 жылы екі жыл белсенді талқылаулардан кейін штаттар АҚШ Конституциясын және оған жасалған он түзетумен бірге бекітті. Конституция Одақ формасын өзгертіп, әр штаттың бірқатар артықшылықтарды сақтай отырып, ірі федералдық орталықты құрды. Билікті ретке келтіріп бөлісу идеясы Конгрестің құрылымында көрініс тапты. Ол жекелеген штаттарға жоғарғы палатада тең өкілдік және төменгіде пропорционалды өкілдік берді. Сонымен қатар билікті үйлесімді бөлу қағидасы жүзеге асты. Ол үш билік тармақтары – заң шығарушы, атқарушы мен сот билігі арасында қарым-қатынастарды өзара тәуелді етіп қойды. Өз кезегінде Адам құқықтары туралы Билль мемлекеттік аппараттың өкілеттілігі спектріне шектеулер орнатып, жекелеген азаматтардың құқықтарын қорғауы тиіс еді.

Америка үкіметінің хартиясы жаңа мемлекет «Еркіндіктің шапағатын өзімізге және Болашақ ұрпаққа сақтауға ұмтылады» деп жариялауы сол уақыттағы таңғаларлық жаһандық жаңашылдық еді. Бірақ бұл керемет мақсат «өзімізге» деген анықтаманы қатаң түрде сипаттады. Конституцияда Американың байырғы халқы жаңа азаматтық қоғамның мүшесі ретінде айқындалмады және федералды үкімет қоныстанушылардың Аппалачи тауының батысына қарай қозғалуын қолдап отырды. Конституцияның еркіндік пен өркендеу жайлы екі уәдесі де құлдық қамытын кигендерге қатысы болмады. Соғыс кезінде шамамен сексен мыңдай африкалық құл еркіндік уәдесінен дәмеліп, Британия жағына қарай қашты, оған қоса ерікті қара нәсілділердің бес мыңға жуығы да көтерілісшілерге қосылған еді. Мемлекеттеліктің негізін салушылар құжатты қабыл алу үшін және оңтүстік штаттардың экономикасы қара нәсілділер еңбегіне тәуелді болғандықтан құлдыққа ешқандай да шектеу қоймады. Колониялды әйелдер де азаматтық өмірден шеттетілді. Олар революцияға өлшеусіз үлес қосты, Британ тауарларына бойкот жариялады, сарбаздарға киім тікті, әскери істер үшін ақша жинады. Бірақ ағылшын саяси дәстүрі, ағарту идеялары мен христиан ілімі, әйелдер Құдай мен табиғаттың заңына сай «жеке сфераға», яғни отбасы мен үй шаруасына лайықты деген принципті қолдауға келгенде бірігіп кетті. Нью-Джерсидің керемет мысалын қоспағанда, әйел құқығын шектемеген штат болған жоқ. Ол жақта жеке мүлік мәселесінде белгілі бір шектеулерге тап келсе де, тұрмыс құрмаған және жесір әйелдер дауыс беру құқығына ие болатын. Дегенмен бұл тек 1776 және 1807 жылдар аралығында ғана мүмкін жағдай еді. Революцияға дейін де саяси және экономикалық өмірде басымдыққа ие болып келген мүлік иесі – ер-азаматтардың дәл сондай әлеуметтік табы әлі де сол биікте қалған еді.

Федералдық орталық пен одақтың құрамдас бөліктері, үлкен мен кіші штаттар арасында, жекелеген билік тармақтары, азаматтар мен мемлекет арасында балансқа негізделген бұл модельде американдық тәуелсіздік үшін соғыстың революциялық табиғатының негізгі аспектілері көрініс тапқан.

Жаңа мемлекетті демократиялық қағидаларға сүйенген мемлекет ретінде құруға ұмтылды. Сонымен қатар соғыстың революцияшылдығы ағылшын истеблишментінің орнына жаңа мемлекеттің саяси элитасы ретінде отарлық истеблишментті орнықтыруында көрініс тапты. Соңғы факт революцияның радикалдық фазаға өтуіне мүмкіндік бермейтін шектеуге қойды. Адамдардың теңдігі идеясының таралуына қарамастан, Ағарту қозғалысының идеалының жүзеге асуы барысында азамат ретінде, яғни жаңа кезеңнің «тең адамына» тек кәмелетке толған меншігі бар ақ ер адамдар жатқызылды. Осылайша, халықтың көп бөлігі – әйелдер, қара нәсілділер, үндістер – саяси өмірге қатысудан шеттеліп қалды. Олар үшін күйеулері, қожайындар және өздері тағайындамаған билік органдары сөйлейтін болды. Сондықтан да американдық революция қағидалары мен шынайылық арасында күшті қарама-қайшылық байқалып, ол көбінесе Құрама Штаттардың тарихының кейінгі даму барысын анықтады.

Француз революциялары

1789 жылғы француз революциясының Американдық тарихнамаға «Революциялық соғыс» деген атпен енген Американдық тәуелсіздік үшін соғыстан айырмашылығы француздық революция: байыпты реформаларлық талаптардан бастап күрт радикализацияға дейін, радикализациядан диктатураға дейін, диктатурадан монархиялық реставрацияға дейін барлық мүмкін деген кезеңдерден өтті.



Экономикалық мәселелер, астық шықпаған жылдар мен қоғамдық наразылық сияқты мәселелердің қордалануы король Людовик XVI-шіні (1774–1792 жж.) Бас Штаттарды шақыруға мәжбүр етті. Соңғы рет 1614 жылы шақырылған бұл институт үш сословие – дінбасылар, аристократия мен халықтың абсолюттік басым бөлігін құрған «үшінші сословие» деп аталған топ өкілдерінен тұратын кеңес беру жиналысын құрады. Бірақ 1789 жылы барлығы король мен министр жоспарлаған сценарий бойынша жүргізілді. Ағарту идеологиясын қолдаған және үшінші сословие өкілдерінің басым бөлігін құраған адвокаттар Версальда жиналып, өздерін Ұлттық Ассамблея (Құрылтай жиналысы) деп жариялады. Бұл жиналыс алдына конституцияны құрастыру және елдің жаңа заң шығарушы органына сайлауға дайындалу міндетін қойды. Бір мезетте Франция абсолюттік монархиядан конституциялық монархияға айналды. Кейіннен дінбасылар мен ақсүйектердің бөлігі қосылған жаңа жиналыс Адам мен азаматтар құқықтары бойынша Декларацияны шығарды. Ол ескі тәртіп – ансиен режимінің және онда көрініс тапқан феодалдық тәртіптің аяқталуының хабаршысы болды. Заң алдында теория бойынша өз артықшылықтары мен міндеттері бар бағыныштылар емес, азаматтар тең болып табылады деген қағида реформаторлардың идеалы болды.

Үш сословие – преמודерн кезеңдегі Еуропадағы қоғамды құрайтын негізгі әлеуметтік таптар мен мәртебелер: Рим Катлоик дінбасылары, титулды дворяндар және өзгелері.

1791 жылдың Конституциясы халықты биліктің қайнар көзі ретінде жариялады; Құрама Штаттардағы сияқты билік тармақтары бөлінді; король атқарушы биліктің басшысына айналды. Бірақ іс жүзінде бар жауапкершілік Ассамблея қолында болған заң шығарушы билік тарапына, ал 1792-жылдан өзгерген атпен – Ұлттық конвентке шешуші түрде өтті. Барлық 25 жасқа толған және туғаннан қаржылай қарызы жоқ ер азамат дауыс құқығына ие «белсенді азаматтар» ретінде жарияланды. Бұл корольдікте өмір сүрген 25 млн. халықтың 4 миллиондайын құрады.

Алғашқы жылдардағы реформалар феодалдық алымдарды ортақ салық жүйесімен алмастырды; шіркеулік жерлер конфискеленіп, дінбасылар мемлекетке адалдыққа ант беруге міндетті мемлекеттік қызметкерлерге айналды. Аристократия басымдықтармен қатар, титулдарды мұраға беру құқығынан айырылды. Бұрынғы аумақтық бөліністің орнына көлемі мен халқы бойынша шамамен тең болған департаменттер жүйесі енгізілді.

Революция алғашқы күндерден жаңа дәуірдің басталғанын жариялай отырып, контрреволюция мен радикализация арасында қысылып қалды.

Революция іштен және сырттан келген қауіпке байланысты радикалдық сипатқа ие бола бастады. 1792 жылы монархияға тыйым салынып, Франция республикаға айналды. Людовик XVI-шыны, кейіннен королева Мария-Антуанеттаны тұтқынға алып, сотқа салып, жазалайды. Құлатылған монархияның қолдауға шығатын шетелдік әскердің шабуылын күткен Республика Австрия, Пруссияға, кейіннен Англия, Құрама Провинцияларға (Нидерланд) мен Испанияға соғыс жариялау арқылы алдын ала соққы жасауды шешті. Алғашқы компаниялар француздар үшін сәтсіз өтті – республикандық әскерге эмиграцияға кеткен офицерлердің тәжірибесі жетіспеді. Бірақ революционерлер қабілетпен болмаса, санмен күресуді ұйғарып, тарихта тұңғыш рет жаппай мобилизация жүргізді.

Ұлттық Конвенция Людовикті Франциядан қашпақ болғаннан кейін, оны сатқын деп айыптады. Бұл қанқұйлы көрініс Террор патшалығының басталғанын паш етті – әсіресе революцияның қатігез кезеңінде өмір сүріп жатқанын дәлелдеді. Корольдің кесілген басының кескінделуі мен көбінесе әскерилер арасында байқалып тұрған көрініске куә болушылардың салқынқандылығына мән беріп, жер мен көктей айырмашылыққа назар аудартады.

Франция Директорияның қол астында. Революцияның келесі сатысында Ұлттық Конвенция жаңа конституция жазды. Директория деп аталатын атқарушы кеңестің қол астында қалт-құлт етсе де, тұрақтылықты қайта қалпына келтіруге шамалары жетті. Бұл аралықта республика әскері тұтас Еуропада жеңістерге жетті және Нидерланд, Италия және Швецарияда билікті тартып алғандар революциялық рухтағы «бауырлас республикалар» құрды. Директория Ізгілік республикасының тым радикал заңдарын өзгертіп және Бірінші республиканың фундаменталды принциптеріне қайта оралды. «Халық» егемендігін (суверенді) сақтады, азаматтық теңдік қағидасы да сол қалпы қалды, сайлау жүйесі сақталды және әйелдерге саяси тақырыпта жазуларын үдетіп, белсенділік танытуға, сол арқылы ықпал етуге рұқсат етті. Дегенмен Директория әлі де жемқор әрі біліксіз болды.



Наполеонның Еуропа империясы

Алғашқы жылдардағы демократиялық қағидалардан біртіндеп шегіну Францияда диктатураның толық қалыптасуының алғышарты болды. Бұл процесті шарықтау шегіне жеткізген адамға Парижден шыққан Наполеон Бонапарт болды. Ол Италия мен Мысырдағы әскери компаниялары барысында (1795–1796 жж.) әскери данышпан мәртебесіне ие болып, фанатик якобиншілерді ұнатпады және циник-термидорианшыларды жек көрді. 1799 жылы Франциядағы ең танымал фигура бола отырып, Наполеон Директорияны құлатып және өзін бірінші консул деп жариялап мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырды. Наполеон бес жыл өткеннен кейін өзінің әскери сәттіліктерінің шыңында өзін Император Наполеон I-ші деп жариялады. Қарулы француздық республика экспансионистік француздық империяға айналды.

Наполеон нық сенімді республикандық болмаса да, француз революциясының негізгі қағидаларын жүзеге асырушыға айналды. Германия, Польша, Италия, Пиренейлік жартытүбек, Нидерланды және т.б. кең аумақтарды бағындырудан кейін француздық әскер ескі феодалдық тәртіптің орнына жаңа әкімшілігі орнатты, либералдық Ағарту мен 1804 жылғы Наполеон кодексы рухында жаңа заңнаманы, экономикалық пен әскери реформаларды енгізді. Оның қарсыластары бірінші кезекте Австрия мен Пруссия жаңа «ойын ережелеріне» бейімделуге мәжбүр болды. Пост-революциялық Францияның күшінің бастауын түсінген екі негізгі неміс мемлекеті өз шығыс провинцияларында крепостнойлық құқықты жойды, салық салуды жетілдірді және қазіргі халық әскерлерінің пайда болуының негізін қалады. Бұл реформалар өзінің қызметін 1812–1814 жж. көрсетті. Ол уақытта орыс компаниясының сәтсіздігінен антинаполеондық колацияға қосылған австриялық пен прусстық әскерлер өзінің әскери қабылеттілігі мен рухы бойынша тең болды.

Француздық Революциялар мен Наполеон соғыстарының нәтижелері оның табиғи жалғасы ретінде бағалау қиын. Осы сәтте онымен бірге жаңа кезең – ұлттармен ұлттық мемлекеттер дәуірі қалыптасқандығын атап өту қажет. Ұлт концепциясының сөзсіз ерте жаңа заманға, Ренессанс, Реформация дәуіріне және ұлттық әдебиеттегі алғашқы тәжірибелер кезеңіне ұласатындығын атап өту қажет. Ағарту халық құқықтығы мен ортақ ерік туралы идея түрінде мықты негіз қалағандығын атап өту қажет. Бірақ жалғыз биліктің қайнар көзіне айналған халық дегеніміз не? Белгілі болғандай, бұл белгілі бір саяси құқықтарға ие жекелеген тұлғалардың жиынтығы ғана емес, тіл, мәдениет, еске сақтау мен аумақпен біріккен өзіндік қауым екен. Нақты осындай халық ұлт биліктің егеменді тасымалдаушысы ретінде мемлекеттер үшін негізгі толықтыруға айналуы тиіс.

1789 жылы Франция королімен басқарылған халық бірнеше әртүрлі тілдерде сөйледі және мықты аймақтық біркелкілігі болды. Революция кейде бұл айырмашылықтарды күрделендіріп жіберді. Сонымен қатар Франция азаматтары өзінің «француз» екендігіне қуану қажет екендігі туралы идеяны шығарды.

Дегенмен еуропалық интеллектуалдармен қатты қолдауға ие болған жаңа ұлттық идеология – ұлтшылдық либерализм және социализмнің әртүрлі қағидаларымен қазіргі заманның әрекет етуші мобилизациялық күші болып қала берді. Мыңдаған ал кейіннен – миллиондаған адамдар өздерінің ұлттық қоғамдастықтары үшін өлуге және өлтіруге дайын екендігін көрсетті.

Осылайша Француз Революциясымен сипатталған бұл ғасыр ұлттық қоғамдарға сәйкес келетін мемлекеттік құрылымдарды сақтап, кеңейту немесе құруға бағытталған кіші мен үлкен ұлтшылдықтардың ғасыры да болды.

Сұрақтар

1. Құрлықтық конгресс қашан құрылды?
2. Сіздің ойыңызша Америкн тәуелсіздігі үшін соғыстың басталу себебі қандай?
3. Монтескьенің қандай идеялары маңызды болды?
4. Ансиен режимі дегенді қалай түсінесіз?
5. Наполеон Бонапарттың Франция тарихындағы рөлін ашып көрсетіңіз?
6. 1791 жылғы Францияның конституциясына тоқталыңыз.



Әдебиеттер

1. Quoted in Jack R. Censer and Lynn Hunt, *Liberty, Equality, Fraternity: The French Revolution* (University Park: Pennsylvania State University Press, 2001), 88.
2. Quoted in Alan I. Forrest, *Soldiers of the French Revolution (Bicentennial Reflections on the French Revolution)* (Durham, NC: Duke University Press, 1990), 157.